

**«Үздік куратор»  
атағына үміткерді айқындау Ережесі**

1. Үздік куратор оның қызметінің сараптамалық әдістері негізінде нәтижелерін бағалаумен айқындалады.

1.1. «Үздік куратор» конкурсына студенттердің ата-аналарымен тиімді қарым-қатынас жасайтын, студенттердің қоғамдық-саяси іс-шараларын, мәдени-бұқаралық және спорттық жұмыстарын ұйымдастыруға белсенді қатысатын, жазасыз қалған студенттік топтардың кураторлары жіберіледі.

1.2. «Үздік куратор» атағын алуға үміткерлерді іріктеуді факультеттік конкурстық комиссиялар мынадай өлшемшарттар бойынша жүргізеді:

1 критерий – Куратордың портфолиосын жоғары деңгейде қалыптастыруы (студенттер бойынша өзектендірілген мәліметтер базасы, растайтын құжаттармен олардың жетістіктері, кураторлардың семестрлік есептері);

2 критерий – Жетекшілік ететін топ студенттерінің ішкі тәртіп ережелерін сақтауы (өткізу режимін, жатақханада тұру ережелердің бұзушылардың болмауы);

3 критерий – Студенттердің оқу және жатақханада тұру ақысын төлеу бойынша шарттық міндеттемелерді сақтауы (қарыздарының болмауы);

4 критерий – Студенттердің қоғамдық пайдалы қызметке қатысуын ұйымдастыру (шығармашылық үйірмелер, спорттық секциялар, жастар клубтары, ұйымдар). Растау – шығармашылық үйірмелердің атауы, фотосуреттер мен жетістіктері көрсетілген студенттердің тізімі;

5 критерий – Мәдени-бұқаралық жұмыстарға қатысуды ұйымдастыру (студенттердің музейлерге, театрларға, концерттерге, фестивальдерге бастамашыл түрде баруын ұйымдастыру). Растау – студенттер тізімі, фотосуреттер;

6 критерий – Кураторлық сағаттардың мастер-кластарын өткізу (бейне (бар болса) және фотосуреттер міндетті түрде электрондық тасымалдағышта).

1.3. Факультеттік конкурстық комиссиялар алқалы түрде қабылданған шешімдер негізінде хаттама ресімдейді, онда конкурсқа қатысу үшін 3 куратор ұсынады және оны Конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссияға қағаз түрінде (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) береді.

1.4. Факультеттік конкурстық комиссиялар хаттамаларға конкурсқа қатысушылардың рейтингтік көрсеткіштерінің болуын көрсететін кестелерді қоса береді.

1 кесте

Конкурсқа қатысушылардың рейтингтік көрсеткіштері

Факультет, топ	Куратор	Критерийлер					
		1	2	3	4	5	6
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>

1.5. Факультеттік конкурстық комиссиялар 1 кестенің 3-8-бағандарында конкурсқа қатысатын әрбір кураторда тиісті көрсеткіштердің болуын немесе болмауын көрсетеді.

2. Куратор қызметінің нәтижелерін сараптамалық бағалауды 1.2 көрсеткіштері бойынша факультеттік конкурстық комиссиялар ұсынған мәліметтер негізінде

Конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия жүргізеді (ұпаймен – ең жоғары 100 балл).

2.1. «Куратордың портфолиосын жоғары деңгейде қалыптастыруы (студенттер бойынша өзектендірілген мәліметтер базасы, растайтын құжаттармен олардың жетістіктері, кураторлардың семестрлік есептері)» көрсеткіші:

1 ұпайдан 30 ұпайға дейін (портфолио сапасы бойынша);

2.2. «Жетекшілік ететін топ студенттерінің ішкі тәртіп ережелерін сақтауы (өткізу режимін, жатақханада тұру ережелердің бұзушылардың болмауы)» көрсеткіші:

1 ұпайдан 10 ұпайға дейін (бұзушылық саны бойынша);

2.3. «Студенттердің оқу және жатақханада тұру ақысын төлеу бойынша шарттық міндеттемелерді сақтауы (қарыздарының болмауы)» көрсеткіші:

1 ұпайдан 10 ұпайға дейін (борышкерлер саны және борыш сомасы бойынша);

2.4. «Студенттердің қоғамдық пайдалы қызметке қатысуын ұйымдастыру (шығармашылық үйірмелер, спорттық секциялар, жастар клубтары, ұйымдар). Растау – шығармашылық үйірмелердің атауы, фотосуреттер мен жетістіктері көрсетілген студенттердің тізімі)» көрсеткіші:

1 ұпайдан 20 ұпайға дейін (қатысушылар саны бойынша);

2.5. «Студенттердің мәдени-бұқаралық жұмысқа қатысуын ұйымдастыру» көрсеткіші (студенттердің музейлерге, театрларға, концерттерге, фестивальдерге бастамашылық сапарын ұйымдастыру) (студенттердің тізімі, күні көрсетілген фотосуреттер):

1 ұпайдан 20 ұпайға дейін (іс-шаралар саны бойынша);

2.6. «Кураторлық сағаттардың мастер-кластарын өткізу (бейне және фотосуреттер міндетті түрде электрондық тасымалдағышта)» көрсеткіші:

1 ұпайдан 10 ұпайға дейін (мастер-класс өткізу сапасы бойынша);

2.7. Конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия сараптамалық бағалардың сауалнама парағын мынадай нысан бойынша толтырады:

2 кесте

Сараптамалық бағалау парағы

Факультет, топ	Куратор	Критерийлер						Ұпай сомасы	Алған орны
		1	2	3	4	5	6		
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>	<i>9</i>	<i>10</i>

Сарапшылардың бағалауы бойынша куратордың алатын орны (10 – баған) кему тәртібімен анықталады (1 орын – ең жоғарғы балл саны; соңғы орын – ең төменгі балл саны).

3. Комиссияның әрбір мүшесі (сарапшы) қол қойған және ұсынған 2 кестенің (10-баған) қорытынды деректері негізінде Конкурс қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия конкурс жеңімпазын анықтайды.

**ЖСД директоры**

**Р. Бузяков**